**Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңестің саммитіне дайындық және оны 2001 жылғы қарашада Алматы қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 маусым N 798. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.02.21. N 546 қаулысымен. ~P020546

Алматы қаласында 2001 жылғы қарашада Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңестің (бұдан әрі - АӨІСШК) саммитін өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған АӨІСШК саммитіне дайындық және оны 2001 жылғы қарашада Алматы қаласында өткізу жөніндегі Протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 11 маусымдағы
N 798 қаулысымен
бекітілген

2001 жылғы қарашада Алматы қаласында өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңестің саммитіне дайындық және оны өткізу жөніндегі Протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының
Жоспары

----------------------------------------------------------------------

Р/с! Іс-шаралар ! Орындалу ! Іс-шараларға жауаптылар

| N | | мерзімі | |
|---|---|---|---|
| 1 | АӨІСШК саммитін өткізу бағдарламасын дайындау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан делегациясының құрамы бойынша ұсыныстар енгізу | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Кездесуге келетін делегациялардың құрамын келісу: ресми делегация (1+5), бірге жүретін адамдар (10 адамға дейін), күзет қызметкерлері (5 адамға дейін) және жеке операторлар мен фотографтар (4 адамға дейін). Саммитке қатысушылардың келу және кету кестесін жасау | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 5 | Әлеуетті құрылымдардың (күзет, қауіпсіздікті қамтамасыз ету) қатысуымен штаб құру | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Ішкі істер министрлігі |
| 6 | Ресми делегацияларды және бірге жүретін адамдарды әуежайда күтіп алу және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) |
| 7 | Қазақстан Республикасы аумағынан ұшып өтуге арналған рұқсат | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Арнаулы ұшақтардың тұрағын қамтамасыз ету, оларға қызмет ету және жанар-жағар май құю | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 9 | Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін, делегациялардың жүру бағыттары бойынша және баратын орындарын (бағдарлама бойынша) саммитке қатысушы мемлекеттердің жалауларымен, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құттықтау транспаранттарымен безендіру | 2001 жылдың қарашасы | Алматы қаласының әкімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Делегацияларға көліктік қызмет көрсету | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі |
| 11 | Жүру бағыттары бойынша мотоциклистер эскорты, ІІМ-нің Жол полициясы басқармасының машиналарымен еріп жүру | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 12 | Күзетке алынған адамдар мен делегациялардың әуежайда, жүру бағыттары бойынша, баратын және тұратын орын. дарында (бағдарлама бойынша) қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 13 | Ресми делегациялардың мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 14 | VIP залын дайындау | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі |
| 15 | Делегациялардың басшылары мен мүшелерін Алматы қаласының қонақ үйлері мен меймандарға арналған | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | резиденциялар: "Реджент-Анкара", "Хайят-Редженси", "Достық", "Қазақстан", "Ambassador", N 1 Резиденциялық қонақтар павильоны, N 2, N 3, N 7, N 9 қонақтар павильоны, "Алмалы" N 3 филиалында орналастыруды ұйымдастыру, көліктік қызмет көрсету | | Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 16 | Ресми делегациялардың мүшелері мен бірге жүретін адамдарды тамақтан. дыруды ұйымдастыру | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 17 | Қазақстан Республикасының Президенті Күзетінің қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз ету (күзетке алынған 1 тұлғаға - 1 номер) | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 18 | "Реджент-Анкара" қонақ үйінде делегациялар үшін хатшылық пен 15 штабтық бөлме жабдықтау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (ұйымдастыру техникасымен, телефон байланысымен, кеңсе заттарымен жабдықтау) | | Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 19 | Екі байланыс қызметкерін бекіту | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 20 | Делегация мүшелерінің "Реджент-Анкара" қонақ үйінде өтетін іс-шараға уақытылы келуін/кетуін қамтамасыз ету | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 21 | Саммиттің өту залын техникалық безендіру (мемлекеттік жалаулар, столүсті тақтайшалары мен жалаушалары, гүлдер, микрофондар) | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Алматы қаласының әкімі |
| 22 | Делегациялар басшылары үшін сыйлықтар жинағын дайындау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 23 | Делегация мүшелері үшін сыйлықтар жинағын, сондай-ақ бағдарламалар мен басқа да баспа өнімдерін дайындау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімі |
| 24 | Ілеспе аударманы қамтамасыз ету | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 25 | "Реджент-Анкара" қонақ үйінің "Ball room" залына отырғызу | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 26 | БАҚ-да жария ету (шақыру, тіркеу, баспасөз орталығын жабдықтау, операторлар залында пулдар бойынша телерадиокомпанияларды және жеке баспасөздің операторларын орналастыру, делегация мүшелері және | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | БАҚ өкілдері үшін телеэкрандарды орнату) | | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 27 | Мемлекеттер басшыларының қатысуымен баспасөз сұхбатын өткізу | 2001 жылдың карашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 28 | Саммиттің ашылуында Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлейтін сөзінің жобасын әзірлеу | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 29 | АӨІСШК саммиттің мәжілісіне қатысатын Мемлекеттер басшыларының құрметіне қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлейтін сөзінің жобасын әзірлеу | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 30 | Қол қоюға ұсынылатын құжаттарды дайындау | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 31 | АӨІСШК саммиттің құжатына | 2001 жылдың | Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қол қою рәсімін дайындау | қарашасы | Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 32 | Ортақ суретке түсу | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 33 | Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің екі жақты кездесулерін ұйымдастыру (Қазақстан Республикасының Президентінің Алматы қаласындағы резиденциясы, "Реджент-Анкара" қонақ үйі, қонақтар тұратын резиденцияларда) | 2001 жылдың қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 34 | Әңгімелесуге тезистерді, АӨІСШК-ге мүше елдер туралы анықтамалық талдау материалдарын, сондай-ақ кездесулер белгіленген делегациялар басшылары туралы өмірбаяндық деректерді дайындау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 35 | Кездесуді өткізу орнын анықтау және дайындау (жалаулар, үстелге қойылатын шағын тақтайшалар мен жалаушалар, кеңсе бұйымдары, микрофондар) | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 36 | Екі жақты кездесулерге қатысушылардың квотасын анықтау | 2001 жылдың қазаны | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 37 | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми түскі қонақасын ұйымдастыру: | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша) |
| | 1) делегациялар басшылары үшін (қабылдауды өткізу орнын анықтау және безендіру, отырғызу, делегацияларға арналған квоталарды келісу, күзет іс-шаралары, дастархан мәзірін, саздық бағдарламаны дайындау);<br>2) делегация мүшелері мен бірге жүретін адамдар үшін;<br>3) бұқаралық ақпарат өкілдері үшін | | Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі, "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 38 | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан делегациялардың басшылары үшін ресми түскі қонақасын ұйымдастыру (қабылдауды өткізу орнын анықтау және безендіру, отырғызу, делегацияларға арналған квоталарды келісу, дастархан мәзірін, саздық бағдарламаны дайындау) | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі, "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | (келісім бойынша) |
| 39 | Абай атындағы Опера және балет театрында салтанатты концерт ұйымдастыру:<br>1) барлық АӨІСШК-ге мүше мемлекеттердің жалауларын ілу, залды құттықтау ұрандарымен безендіру;<br>2) классикалық музыканың концерттік бағдарламасын дайындау;<br>3) салтанатты концерт бағдарламасын дайындау және тарату;<br>4) делегациялар басшылары мен мүшелерін залда отырғызу | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімі, "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 40 | Алматы қаласының көрнекті жерлерін көрсету:<br>1) Ислам мәдениетінің Египет университетін ашу (Алматы қаласы)<br>2) Медеуде болу | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Алматы қаласының әкімі |
| 41 | Алматы облысында болу (Жамбыл мұражайы) | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі |

(келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі,
Алматы облысының әкімі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 42 | Түркістан қаласына сапар | 2001 жылдың қазан-қарашасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының, Түркістан қаласының әкімдері |

----------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК